

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Жеміс-жидектер: Алма

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:**

- жеміс-жидектер ерекшеліктерін еске *түсіреді*;
- үш тілде айту, буынға бөлу, буында қанша әріп, дыбыс сандарын *біледі*;
- түсті таңдау, қажетті құралдарды нақтылауды *түсінеді*;
- екі суреттегі айырмашылық пен ұқсастықты *ажыратады*;
- екеуін бірдей ету бағытындағы тапсырманы *орындайды*;
- орындалған жұмысты салыстырып *қорытындылайды*.

**Пәнаралық байланыс:**

танымдық (*жаратылыстану, математика*)  
шығармашылық (*бейнелеу*)  
коммуникациялық (*сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер*)  
әлеумет (*қоршаған ортамен таныстыру*)

**Білім алушы игеретін білік-дағды:**

- жеміс-жидек ерекшелігін есіне *түсіреді*;
- үш тілде айта алады, буынға бөледі, қанша буын, әріп, дыбыс бар екенін біледі;
- түсті ажыратады, қандай түс керектігін таңдай алады;
- екі суреттегі айырмашылық пен ұқсастықты таба алады;
- ұқсас түспен суретті бояй алады, салыстырады;
- қалай орындалғандығын өзін және басқаны бағалай алады.

**ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ<sup>1</sup>:**

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)
2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)
3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)

**1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)**



<sup>1</sup> Ескерту: ҰОҚ – ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

**Топқа сұрақ:**

Дидактикалық ойын «Бұл не?». (суретпен жұмыс)  
Жеміс-жидектер қай кезде піседі?




Топпен суреттегі жеміс түрі, түсі, дәмі туралы әңгімелейді...  
(коммуникациялық дағды қалыптасады)

**ЖЕМІС – АЛМА**  
(кітапшамен жұмыс)

1. Полилингвалдық компонент: үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)

2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған жеміс атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз (танымдық дағды)  
3. Түрлі түсті қарындаш ішінен қажетті 4 – түсті қарындашты тандап алу (тиянақтылыққа баулу)  
4. Кітаптағы суретке назар аударып:



айырмашылығын – (түстері)  
ұқсастығын – (алма)

Ө з д і к ж ұ м ы с

табу. (танымдық дағды)

Екі сурет бірдей болуы үшін не істеу қажет?


Бояймыз.

Тапсырманы орындау алгоритмі:


- Ашық түспен боялған жерлерден бастап бояймыз
- Біртіндеп қою түске қарай көшеміз (шығармашылық дағды)



5. Екі суретті салыстыру: ✓ бірдей  
✗ бірдей емес  
= ұқсас



6. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)



*Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.*